

**2024 - 2025 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МҮСІНДЕУ / ЖЫЛДЫҚ /**

Білім беру ұйымы:

Топ/сынып: Мектепалды даярлық 0

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-жылдық 2024-2025 оқу жылы

Айына 1 сағат, барлығы 9 сағат

Алматы «Алматыкітап баспасы» 2022 ж.

Мақсаты: тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.

Міндеттері:

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;
балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;
қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Мүсіндеу.

Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массада мүсіндеудің ерекшеліктерін білу.

Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.

Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.

Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.

Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.

Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табак, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық және т.б.), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б.), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б.), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншак, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.

Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.

Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.

Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Күтілетін нәтижелер:

- сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеу ерекшеліктерін біледі;
- шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндейді;
- қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндейді;
- мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолданады;
- қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын, тұрмыстық заттарын, зергерлік бұйымдарын мүсіндейді және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіреді;
- біртекті заттардан сюжеттер құрастырады, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастырады;
- ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құрады;
- ортақ композиция құру үшін ұжыммен мүсіндеу дағдыларын меңгерген;
- мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнайды;
- жұмысты ұқыпты орындайды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

Р/с №	ҮІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі
1	Жеміс бағында.	-пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып, жемістерді мүсіндеу; -бейнені затпен салыстыру, мүсіндегісәйкестіктерді анықтай білу қабілеттерін дамыту; -балаларды табиғатты сүюге тәрбиелеу.	1	10.09
2	Көгөністер. Саңырауқұлақтар.	-геометриялық фигураларды кияр, қызылша, сәбіз, т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу; -қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; -адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру.	1	8.10
3	Күзгі жапырақтар. (бедерлі мүсіндеу) Жаңғақ кемірген тиін.	-маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту; -балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту; -еңбекқорлыққа, ұйымшылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	12.11
4	Кесе.	-ыдыстың шығу тарихымен, ыдысты жасайтын материал түрімен (тас, әйнек, ағаш, металл, қыш, пластик) таныстыру; -белсенділігін, шығармашылығын дамыту; -тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	10.12
5	Тостаған.	-ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудара отырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру; -ойын арқылы балалардың қимыл-қозғалыстарын, көркемдік талғамдарын дамыту; -балаларды ауызбірлікке, ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	21.01
6	Торсық.	-торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру; торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылықпен тандап, әшекейлеу жолдарын түсіндіру; -ұсақ қол қимылдарын дамыту, көру арқылы мүсіндей білу іскерліктерін қалыптастыру; -ұлттық бұйымға деген қызығушылықтарын ояту, өнерді сүюге тәрбиелеу.	1	18.02

7-8	Ғарыш кемесі.	-ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру; -балардың ой-қиялын, эстетикалық талғамдарын дамыту; -Отанын, елін, жерін сүйуге, адалдыққа,батылдыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу.	2	11.03-8.04
9	Әдемі гүлдер.	-гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу; өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру; -қолдың қимылын, сөздік қорын, тілін дамыту; -эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.	1	13.05
		Барлығы: 9 сағат		